

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 384 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 06 сәуірде N 4298 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 04 сәуірдегі N 13-12/1690 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы әкімдігінің 04.04.2013 N 13-12/1690 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңдарына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 326 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ, оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу үшін осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрамда облыстық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің

2012.10.24 N 605 қаулысымен.

1-1. Осы қаулының 1-1-қосымшасына сәйкес облыстық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы бекітілсін.

Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2012.10.24 N 605 қаулысымен.

2. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдіктері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

4. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыстық әскерге шақыру комиссиясы құрамында облыстық медициналық комиссиясын құрсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 2012.10.24 N 605 қаулысымен.

2. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті

5. "Қызылорда облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салу күндері әскерге шақырылған жастар алдында көркем өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдардың концерттерін, шақыру кезеңінде "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі жанындағы облыстық жиын пунктінде әскери-патриоттық тақырыптардағы көркем-суретті және деректі фильмдердің көрсетілуін ұйымдастырсын.

6. "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" (келісім бойынша), "Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөлімі" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелеріне көпшілік шоғырланатын орындарда және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында жол полициясы инспекторлары, патрульдік автокөліктердің және полиция нарядтарының қажетті санын бөлу ұсынылсын.

7. "Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жөніндегі материалдық-техникалық іс-шараларды қамтамасыз етуді жүргізсін.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары Р. Нұртаевқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Б. Қуандықов

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ә. Әбжанов

2012 жылғы "___" _____

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ. Саутбеков

2012 жылғы "___" _____

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ. Тлеуқабылов

2012 жылғы "___" _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "29" наурыздағы

№ 384 қаулысына 1-қосымша

Облыстық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің
2012.10.24 № 605 қаулысымен.

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| Нұртаев Рзақұл Сәденұлы | - | Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы; |
| Нуралиев Раджаб Таурадыбаевич | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша); |
| Комиссия мүшелері: | | |
| Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы | - | "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |
| Серімханов Құмарғазы Қазыбайұлы | - | "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |
| Серғазиев Сакен Бақтыбергенұлы | - | "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, медициналық комиссиясының төрағасы; |
| | | |

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Базарбаев Сабит Қуанарұлы

-

Ескертпе: – облыстық шақыру комиссиясының қабылдау күндері.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы 29 наурыздағы

№ 384 қаулысына 1-1-қосымша

Облыстық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы

Ескерту. Қаулы 1-1-қосымшасымен толықтырылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2012.10.24 № 605 қаулысымен.

| | | |
|---------------------------------|---|--|
| Ұранхаев Нұрлан Телманұлы | - | Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; |
| Ысқақов Жомарт Анафияұлы | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының бірінші орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша); |
| Комиссия мүшелері: | | |
| Шохатаев Махмудин Мұхтарұлы | - | "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |
| Жармаханов Ғалымжан Алтынбекұлы | - | "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің бөлім бастығы (келісім бойынша); |
| Күлтаева Ляйля Айтбайқызы | - | "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары; |
| Тюлендин Дулат Равильұлы | - | Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметінің "Оңтүстік" өңірлік басқармасының 2019 әскери бөлімінің әскери медицина қызметінің бастығы (келісім бойынша); |
| Ерғалиева Жанар Шайхисламқызы | - | Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық медицина орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі, комиссия хатшысы. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК